

Б. С. Телемісов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық процесс кафедрасы бастығының орынбасары

ЕСІРТКІ ЗАТТАРДЫ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛДЫРУ ФАКТІЛЕРІ БОЙЫНША ҚОЗҒАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ТЕРГЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Мақалада автор есірткі заттарды заңсыз айналдыру фактілері бойынша қылмыстарды тергеудің криминалистикалық сипаттары тұрғысындағы мәселелерді және осы санаттағы қылмыстарды тергеу барысында криминалистикалық сипаттама мәліметтерін қолдану мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: есірткі заттар, криминалистикалық сипаттам, қылмыстарды тергеу, тергеу және анықтау органдары, сараптама, әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық аспектілер; қылмыстың заты; қылмыс санаты.

Есірткі заттарды заңсыз дайындау, сатып алу, сақтау, тасымалдау мен сату қылмыстарын ашу және тергеу жүргізу едәуір күрделіліктер туғызады. Яғни, олар қылмыстың осы түрімен күресудің спецификасымен, топтық сипатымен және оларды жасау мен жасырудың әрқилы әдістілігімен негізделеді.

Тергеу, сот және жедел іздестіру тәжірибесі есірткі заттарды заңсыз айналдыру істері бойынша тергеу мен іздестіру жұмыстарын жүргізудің әдістемелік және ұйымдастыру деңгейінің қанағаттанарлықсыздығы, сондай-ақ топтық қылмыстардың төмен дәрежеде ашылуы жөнінде тұжырым жасауға негіз болып табылады. Анықтау және алдын ала тергеу жүргізу органдарында дәлелдемелік ақпарат алу мен оны қолдану бойынша жасап шығарылған әдістемелердің жеткілікті саны жоқ, ал қызмет ету барысында елеулі маңызы бар аймақтық ерекшеліктерді ескермейді. Осыған байланысты қылмыстың осы санатын тергеу тәжірибесін оқып-танысу және олардың алдын алу мен тергеу бойынша ғылыми негізделген кеңестер беру қажеттілігі туындап отыр.

Криминалистикалық ғылымның тергеушілер мен анықтау органдарына қылмыспен күресу жолында қолданылып жүрген, сондай-ақ күнделікті тәжірибеге жаңа ғылыми-техникалық құралдарды, тактикалық және әдістемелік тәсілдерді енгізу және жақсарту тұрғысындағы ықпалды және тиімді көмек көрсету арқылы алдын ала тергеу жүргізуді жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Қылмыстың қарастырылып отырған осы санатын тергеу бойынша әдістемелік кеңестер жасап шығарудың негізі олардың криминалистикалық сипаттамасы бола алады. Мұны қылмыстың осы түрінің бір-бірімен өзара байланысты ерекшеліктерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады, яғни қылмыстың осы санатын тиімді түрде тергеу бойынша әдістерді, тәсілдер мен құралдарды таңдауда маңызы бар және бұл кезде сандық көрсеткіштімен айқындалатын оның белгілерінің заңды байланысының әртүрлілігін көрсетіп өткен жөн. Алайда, есірткі істері бойынша криминалистикалық ақпараттық маңызды белгілері туралы мағлұматтардың, тек олардың криминалистикалық сипаттамасының бір бөлігі ғана екенін айтып өткен жөн.

Қылмыстың заты туралы мағлұматтарды типтендіру олардың және қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының басқа элементтеріне жататын белгілері арасында тиімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Біздің зерттеуіміз көрсетіп отырғандай, қылмыстық қиянат жасаудың кеңінен тараған заттары – гашиш, көкнәр сабағы, лпий, көкнәр сабағының тұнбасы болып табылады.

Қылмыстың осы санатының криминалистикалық сипаттамасында қылмыстың жасалу тәсілдері және соларға қатысты типтік іздер туралы мәліметтер маңызды орын алып отыр.

Бұл жағдайда тәсілдерді қылмыс жасауға дайындалу, оны жасау және жасыру әрекеттеріне қатысты қарастырған жөн.

Қылмыстың тәсілдері бірқатар объективтік және субъективтік факторлар ретінде айқындалуы мүмкін. Факторлардың белгілі бір жиынтығының арасында олардың біреуі немесе бірнешеуі өте маңызды болуы ықтимал. Мұндай факторлардың қылмыстың тәсіліне тікелей қатысы болмайды, яғни әдеттегідей, олар қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының тиісті элементтері шеңберінде анықталып зерттеледі.

Қылмыстың осы немесе басқа да сатыларының бірқатар жағдайларында қылмыс тәсілін детерминациялайтын факторлардың белгілі бір өзгеруі болады және бұл қылмыстың динамизмін растау арқылы қылмыс тәсілінің өзгеруімен байқалады. Есірткі құралдарын заңсыз айналдырумен байланысты қылмысты жасауға дайындалу, оны жасау және жасыру — бірыңғай қылмыстық пиғылмен жасалатын жағдайда ғана қылмыстың белгілі бір тәсілін құрайтын процестер ретінде қаралуы мүмкін. Бұл жағдайда олардың арасында жасалу уақытының белгілі бір айырмашылығы, орындау субъектілері мен қылмыс жасалған жерлердің әртүрлі болуының байқалуы мүмкін. Қылмыс тәсілінің құрамды бөлігі болып табылмайтын, яғни қылмыстың ізін жасырудың дербес тәсілінің бар екендігі жөнінде айтуға болады.

Қылмыстың зерттеліп отырған осы түрінің жасалу тәсілдерімен қылмыскерлердің әрекеттері нәтижесінде қалдырылатын типтік іздер тығыз байланысты. Іздердің қалдырылу процесінің ситуациялық сипаты бар. Әрбір жағдай қылмыстық әрекет процесінің өзіне ғана тән заңдылықтармен, жасалу кезінде болатын нақты ахуал мен жағдайлармен анықталады. Криминалистикада қылмыс іздері материалдық және идеалдық ретте қарастырылады.

Мәселен, белгіленген ережелерді бұзуға қатысты қолданылатын есірткі заттарды өндіру, сатып алу, сақтау, есепке алу, босату, тасымалдау немесе жөнелту — бұл бәрінен бұрын белгілі бір адамдардың қылмыстық әрекеттері туралы пайымдауға болатын әртүрлі құжаттамалардағы мағлұматтар (есірткі заттардың кірісі мен шығысын есепке алу құжаттарындағы сәйкес келмеушіліктер, есірткі заттардан босаған бос ампулалардың қабылданғандығы және босатылғаны бойынша айырмашылықтар, рецептілердегі тазартулар, есепке алу құжаттарындағы әртүрлі өзгерістер), сондай-ақ жасалған қылмыс нәтижесінде орын алған ахуалдың әрқилы өзгерістері, яғни артық алушылық, жетіспеушілік, толық бермеушілік, пломбтың болмауы, ампуланың стандартқа сәйкес келмеуі, ампулалардың желімделген жерлерінің қараңғылануы, т. с. с.

Есірткі заттарды дайындау барысында дайындау құралдарында микробөлшектер түріндегі есірткі іздері қалып, иісі сақталады; егер есірткі шикізаты ретінде конопляның жасыл массасы болса, онда алақанда және тырнақтың астында қою-көк түсті пластилинге ұқсас іздер қалады. Бұдан басқа қылмыскерлер қылмыстың ізі байқалуы мүмкін тәрелке, стакан, еттурағыш, кофеұнтақтағышты және есірткі сақталатын орындарда басқа да құралдарды пайдаланады.

Атап айқанда, тергеу барысында қалдырылған іздерді анықтау, зерделеу және салыстыру басқа да деректермен қоса алғанда шынайы қорытынды жасауға және қолданылған қылмыс тәсілін анықтауға мүмкіндік береді.

Қылмыс сипаттамасының маңызды құрылымдық элементі ретінде қылмыскердің жеке басының ерекшеліктері туралы мағлұматтар болып табылады. Мұнда қылмыскердің жеке басының сипатына келесі мағлұматтарды енгізуге болады: а) әлеуметтік; ә) психологиялық; б) физиологиялық.

Есірткі заттарды заңсыз айналдыруға қатысатын тұлғаларды келесідей саралайды: а) құрамында есірткі заты бар шикізатты өндірушілер, құрамында есірткі заты бар шикізатты заңсыз егумен айналысатын тұлғалар; ә) құрамында есірткі заты бар шикізатты және есірткіні таратушылар; б) қорда (притон) ұстаушылар; в) есірткіге баулушылар; г) құрамында есірткі заты бар шикізатты, есірткі құралдарын, есірткілік әсері бар дәрі препараттарын ұрлаушылар.

Криминалистикалық сипаттамалар элементтерінің арасында белгіленген байланыстарды білу тергеудің толық жүргізілуіне, объективтілігіне және тиімділігіне ықпал етеді. Тергеу жүргізудің тиімді жолын таңдауға, дұрыс криминалистикалық болжамдар жасауға, нақты қылмыстарды жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды толық зерттеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, жоғарыда баяндалғандар негізінде келесідей тұжырымға келуге болады:

1. Есірткі істері жөніндегі қылмыстық істерді тергеудің ерекшеліктері криминалистикалық сипаттаманың негізгі элементтерін бөлуге мүмкіндік береді. Оларға келесі мағлұматтарды жатқызған жөн: қылмыстың жасалу ахуалы, яғни орыны, уақыты және оны жасаудың алдындағы сүйемелдеген басқа да жағдайлар, сондай-ақ одан кейінгі мән-жайлар; қиянат жасау заты; қылмыс жасауды жүзеге асыру механизмі, яғни оны жасау мен ізін жасырудың тәсілдері, сондай-ақ қылмыскерлердің нәтижеге қол жеткізуі үшін қолданған заттары; есірткі заттармен заңсыз әрекет жасайтын құқық бұзушылықтардың жеке басы қасиеттері.

2. Қылмыскерлердің жеке басы ерекшеліктеріне жатқызылатын криминалистикалық маңызы бар белгілердің мазмұны есірткі заттармен заңсыз әрекет жасаумен айналысатын тұлғалардың қылмыстық жүріс-тұрыстарының мотивациясына талдау жасауға мүмкіндік береді.

3. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының элементтерін мінездейтін мағлұматтарды типтендіру барысында заңдылық байланыстарды анықтау қылмыстың белгілі бір санаттары бойынша тергеу жүргізуге қатысты типтік болжамдар жасауға мүмкіндік береді.

4. Осы санаттағы істер бойынша тергеушілердің жұмыс атқаруы үшін барынша жағдай жасау талап етіледі және олардың жұмысын бағалау бойынша прогрессивтік әдістер енгізу, келесіде мамандандыру және тергеушілердің жұмысын бақылау қағидасын жүзеге асыру қажет.

РЕЗЮМЕ

В работе рассматриваются вопросы криминалистической характеристики преступлений, связанных с незаконным оборотом наркотических средств, проблемы использования данных криминалистической характеристики в расследовании указанных преступлений.

RESUME

This work presents the issues of criminalistic characteristics of the crime associated with illegal drug trafficking discusses the problems of using forensic data characteristics in the investigation of such offences.